

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Экономика және бизнес» Жоғары Мектебі**

**«Қаржы және есеп» кафедрасы**

**Бекітілді**

Ғылыми кеңесі мәжілісінде

Хаттама № \_\_\_

20\_\_ ж.

ЭЖБЖМ деканы э.ғ.д. профессор  
Сағиева Р.Қ.

20\_\_ г.



Өндірістік тәжірибесінің

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мамандық «5В050900 – Қаржы»

Оқу түрі (күндізгі)

2-3-4 курс (2-3курс колледжден кейінгі)


кредит саны -5

Алматы 2020

Өндірістік практиканың бағдарламасын «5B050900 – Қаржы» мамандығының НОБ (ТОБ) және пәндердің негізгі оқу бағдарламасы негізінде қаржы кафедрасының доценттері Сырлыбаева Н.Ш., Сапарова А.С., Алиева Б.М., Касенова Г.Е., Жорабаева Ж.К., аға оқытушылар Супугалиева Г.И., Мухаметжанова Ж. С., Кукиев А.Ж. құрастырған.

### Келісілді

Жұмыс беруші

«Алым» салық төлеушілерге кеңес беру орталығының директоры  Увакбаева Г.Б.  
"11" 12 2020 ж.

Қаржы кафедрасы отырысында талқыланып ұсынылды  
Хаттама № «16» 15.12.2020 ж.

Кафедра меңгерушісі  Нұрмағамбетова А.З.

ЭжБЖМ әдістемелік кеңесімен ұсынылды

Хаттама № «7» 22.12.2020 ж.

ЭжБЖМ әдістемелік кеңесінің төрағасы  Кожамкулова Ж.Т.

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің Ғылыми Кеңесі және әдістемелік кеңесі ұсынған*

**Сын пікір жазған:**

э.ғ.к., доцент Исаева А.Т.

5B050900 - «Қаржы» мамандығының студенттеріне өндірістік практикадан өту бойынша әдістемелік нұсқаулық (қайта шығару)/құрастырушылар: Қаржы және есеп кафедрасының доценттері Сырлыбаева Н.Ш., Сапарова А.С., Алиева Б.М., Касенова Г.Е., Жорабаева Ж.К., Асилова А.С., аға оқытушылар Супугалиева Г.И., Мухаметжанова Ж. С., Кукиев А.Ж. Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес жоғары мектебінің Оқу зертханасы, 2021 – 16 бет.

Бағдарлама 5B050900-«Қаржы» мамандығы студенттеріне арналған. Осы бағдарлама өндірістік тәжірибенің мақсаттарын, мазмұнын, міндеттерін, практикант-студент пен практика жетекшілерінің міндеттері, практиканы растайтын құжаттарды рәсімдеу тәртібі, практика туралы есепті қорғау тәртібін белгілейді.

## Бағдарлама мазмұны

- 1 Практиканың мақсаты
- 2 Практиканың міндеттері
- 3 Оқу бағдарламасының құрылымындағы практика орны
- 4 Практика орны
- 5 Практика базасы
- 6 Практика нәтижесінде қалыптасқан құзыреттер
  - 6.1.Функционалдық
  - 6.2.Жүйелік
  - 6.3.Әлеуметтік
  - 6.4.Метакомпетенция
- 7 Практика кезіндегі студенттің құқықтары мен міндеттері
- 8 Практика базасындағы жетекшісінің құқықтары мен міндеттері
- 9 Практика кезеңдерінің құрылымы мен мазмұны
  - 9.1 Пассивті (ақпараттық) практика
  - 9.2 Белсенді практика
- 10 Практика барысында жүзеге асырылатын СӨЖ түрлері
- 11 Аттестаттау формалары және сертификаттау уақыты
- 12 Бағалау критерийлері

## **1. Өндірістік практиканың мақсаты**

**Өндірістік практика** - бұл мамандықтың негізгі және профильді циклдарындағы теориялық білімдерді студенттің маманның нақты міндеттерін орындауымен, практикалық дағдыларды иеленуімен және болашақ мамандану профилінде кәсіби және ұйымдастырушылық жұмыстың озық тәжірибесін меңгеруімен біріктіруге бағытталған кәсіби тәжірибе түрі.

Өндірістік практика барысында студент нақты өндірістегі барлық салаларда кәсіптік қызмет үшін тікелей оқытылады.

Практика студенттерді кәсіптік дағдыларды бітіруші деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес меңгерудің сабақтастығы мен дәйектілігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады.

*Өндірістік практиканың мақсаты* - кәсіби құзыреттіліктер мен дағдыларды, білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикалық іске асыруда тәжірибе жинақтау, қорытынды біліктілік жұмысын дайындауға материалдар жинау және синтездеу.

## **2. Практиканың міндеттері**

1) студент практикаға жіберілген ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі мен құрылымымен танысу;

2) студенттің практиканы тікелей жіберетін ұйым бөлімшесінің кәсіби қызметін зерделеу;

3) ұйымның қызметін реттейтін ішкі құжаттарды және нормативтік құқықтық актілерді қарау және талдау;

4) кәсіби жұмыс дағдыларын иелену;

5) командалық жұмыс дағдыларын иелену;

6) ұйым жұмысының құралдары мен әдістерін зерттеу;

7) ұйымның және бөлімнің қызмет сипаттамаларын талдау;

8) салалық нарықтарда, тиісті ұйымдарда қызметті жүзеге асыруға байланысты кәсіптік дағдыларды игеру және практикалық мәселелерді шешу;

9) түлектің ұйымдағы жұмыс орнына тікелей қатысуы, басшылықтың нақты тапсырмалары мен нұсқауларын орындау;

10) процестерді зерттеу және тұтастай алғанда ұйымның және оның бөлімшелерінің, сондай-ақ осы нәтижелерге әсер ететін факторлардың нәтижелерін қалыптастыру;

11) қорытынды біліктілік жұмысын орындауға арналған материалдар жинақтау.

## **3. Оқу бағдарламасының құрылымындағы практика орны**

Өндірістік практика осы бағдарламаға, практикадан өту туралы негізгі талаптарды қамтитын ЖОО мен ұйымның ішкі құжаттарына, сондай-ақ кәсіптік қызметті және өндірістік практиканы ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі. Бастапқы кәсіби шеберлік пен дағдыларды, оның ішінде ғылыми-зерттеу қызметінің бастапқы іскерлігі мен дағдыларын алу практикасы студенттерді даярлаудың білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Студенттердің практикадан өтуі білім алушылардың болашақ кәсіби қызметінің сипатына сәйкес келетін практикалық оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағытталған. Бастапқы біліктері мен дағдыларын алу бойынша практика, оның ішінде ғылыми-зерттеу қызметінің бастапқы біліктері мен дағдылары "Қаржы" даярлық бейіні бойынша студенттердің біліктері мен дағдыларын алуға бағытталған.

Бұл бағдарлама түлек моделінің құзыреттілігіне және "Қаржы"мамандығының оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Өндірістік практика ОБ құрылымындағы жеке бөлім болып табылады және жалпы кәсіптік пәндерді оқу кезінде алынған білім алушылардың білімдері мен дағдыларына негізделеді: Қаржыға кіріспе, Ақша, несие, банктер, Салық және салық салу, Бухгалтерлік есеп және аудит, Қаржы нарықтары, Сақтандыру, Бюджет және бюджет жүйесі, қаржылық тәуекелдер, қаржылық менеджмент, корпоративтік қаржы, Бағалы қағаздар нарығы, Қаржылық қадағалау және мониторинг, Валюталық операциялар және валюталық жүйе, Исламдық қаржы, инвестицияларды қаржыландыру және ұйымдастыру, кәсіби модульдер.

Емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін білім алушылар өндірістік практикадан өтеді, оның нәтижесінде жеке тапсырманы орындау қажет. Практикадан өту және жеке тапсырманы орындау мерзімі: 10 апта (бакалавриат, 4ж. оқыту. 3ж.оқыту. колледжден кейін).

#### **4. Практика өту орны**

Практика орындарын бекіту олардың ұйымдық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарына қарамастан ұйымдармен тікелей байланыстар мен шарттар негізінде жүзеге асырылады. Студенттерді практика базаларына бөлуді бітіртуші кафедра өзі таңдаған дипломдық жұмыс тақырыбы негізінде жүзеге асырады. Тәжірибеден өту орны бакалаврлар сұхбатқа қатысу арқылы өздері іздей алады. Студенттер үшін практика базалары өздері жұмыс істейтін қаржы-кредит ұйымдары болуы мүмкін. Өндірістік практикадан өту кезінде білім алушы кәсіптік қызмет түрлері бойынша теориялық білім мен іскерлікті бекітеді, оқу практикасынан өту кезінде алған бастапқы тәжірибесін тереңдетеді.

#### **5. Практика базасы**

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ, "KaspiBank" АҚ, "Еуразиялық банк" АҚ, "ForteBank" АҚ, "Нұрбанк" АҚ, "БанкХоум Кредит" АҚ, "Альфа-Банк" АҚ, "Сбербанк" АҚ ЕҰ, "Тұрғынүйкұрылысбанкі"АҚ, "Сентрас Иншуранс" Сақтандыру компаниясы, "Казпочта"АҚ.

#### **6. Практикадан өту нәтижесінде қалыптастырылатын құзыреттер**

##### **6.1.Функционалдық**

Студентте кәсіби қызметтің қазіргі заманғы парадигмалары (когнитивтік, функционалдық, дискурсивті, коммуникативтік; интегралдық тип парадигмалары) шеңберінде ғылыми таным ерекшелігі мен зерттеу әдіснамасын тұтас пайымдау және ұғыну қабілеттері қалыптастырылуы тиіс.

Студент практикада зерттеу жүргізудің ғылыми тәсілдері мен әдіснамалық тәсілдерін қолдана білуі керек; "Қаржы"мамандығының бәсекелестік артықшылықтарының заманауи тұжырымдамалары аясында кәсіби қызмет дағдыларын талдау, бағалау және синтездеу арқылы дәлелді тұжырымдар жасай алуы керек.

##### **6.2.Жүйелік**

Талдау мен зерттеулер жүргізе білу, сондай-ақ аналитикалық есепті қолданбалы зерттеу түрінде ұсыну және қорғау.

##### **6.3.Әлеуметтік**

Алынған зерттеу нәтижелерін ғылыми жұртшылықпен бөлісуге, диалогқа кіруге, өз көзқарасын қорғауға, нәтижелерді апробациялауға және ғылыми ортаны талқылауға

шығаруға, конференцияларда сөз сөйлеу арқылы және мамандандырылған және мерзімді басылымдардағы жарияланымдар арқылы қабілетті болу .

#### 6.4. Метакомпетенция

6.4.1. Жалпы кәсіптік. Қолданбалы зерттеу нәтижелерінің өзінің кәсіби қалыптасуында және кәсіби қызметін дамытуда маңыздылығын бағалауға қабілетті болу.

6.4.2. Спецификалық. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық құрылымын талдау үшін мамандықтың базалық пәндері бойынша теориялық білімдерін қолдану; кәсіпорындар (ұйымдар) қызметінің жекелеген экономикалық көрсеткіштерін талдау және есептеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру.

### 7. Практикадан өту кезеңіндегі білім алушының құқықтары мен міндеттері

Құқықтары:

1. білім алушылар кәсіптік практика базасын өз бетінше іздестіруді жүзеге асыруға және практиканың болжамды базасы білім беру бағдарламасының бейініне және практикалық дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру бөлігінде бағдарлама бойынша оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес келген жағдайда практикадан өту туралы шарт жасасуға бастамашылық жасауға құқылы;

2. барлық туындаған мәселелер мен сұрақтар бойынша тәжірибе жетекшісіне жүгіну мүмкіндігі;

3. практика бағдарламасын орындау үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізе білу;

4. жұмыстарды орындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру мүмкіндігі болуы тиіс;

5. ұйымның және бөлімшенің қызметімен (коммерциялық құпияның және/немесе заңнамамен қорғалатын өзге де ақпараттың нормаларына қайшы келетін жағдайларды қоспағанда) танысу мүмкіндігі болуы;

6. қауіпсіздік техникасымен және ұйым мен бөлімшенің қызметін регламенттейтін, студентке практикадан өту барысында жұмыстарды орындау үшін қажетті өзге де құжаттармен танысу;

7. денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін жұмыстарды орындаудан бас тарту;

8. өзіне қатысты кәсіби және іскерлік этика нормаларын құрметпен қарауды және сақтауды талап ету.

Тәжірибе өтушінің міндеттеріне мыналар кіреді:

1. белгіленген тәжірибе бағдарламасын орындау;

2. практикадан өту орны - ұйымда қолданылатын ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;

3. белгіленген тәртіппен практика жетекшісіне тәжірибеден өту туралы міндетті құжаттарды ұсыну;

4. тәжірибеден өтудің барлық мерзімі ішінде білім алушы кәсіби тәжірибе күнделігін жүргізуі тиіс, онда күн сайын орындалған жұмыстар туралы жазбалар жасайды;

5. тәжірибеден өтуші практика базасында қолданыстағы еңбек тәртібінің ережелерін сақтауы тиіс;

6. еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін қатаң сақтау;

7. кәсіби тәжірибе бағдарламасын орындамаған немесе комиссия алдында нәтижелерін қорғамаған білім алушы тәжірибе жетекшісі және кафедра меңгерушісімен келісім бойынша сабақтан бос уақытта тәжірибеден қайта өтуге міндетті;

8. кәсіби тәжірибе бағдарламасын орындамаған немесе комиссия алдында нәтижелерін қорғамаған білім алушы қорытынды аттестаттауға жіберілмейді. Білім алушылардың тәжірибелерінің қорытындылары кафедра отырысында түзетуші іс-шараларды әзірлеумен талқыланады.

## **8. Практика базасынан тәжірибе жетекшісінің құқықтары мен міндеттері**

Құқықтары:

- 1) студенттің жұмысын басқаруды жүзеге асыру;
- 2) студенттен ұйым мен бөлімшенің жұмыс регламентін орындауын талап етуге құқығы бар;
- 3) студенттің еңбек тәртібін, қоғамдық мінез-құлық нормаларын, этиканы сақтауын, ұйым қызметкерлеріне, серіктестеріне және клиенттеріне құрметпен қарауды талап етуге құқылы;
- 4) қажетті жұмыстарды орындау үшін тәжірибе барысында студентке сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын талап етуге құқылы.

Міндеттері:

- 1) университеттің бағдарламасы мен академиялық күнтізбесіне сәйкес студентке әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға студенттің оқу мерзімі ішінде (2-ден 4-ке дейін) студенттердің үздіксіз кәсіби (өндірістік) тәжірибесін өткізу үшін орын беру;
- 2) университеттің студент-практиканттарына – практика жетекшілеріне кәсіпорын бөлімдеріндегі тиісті құжаттамамен танысуға мүмкіндік беру;
- 3) бағдарламаға, тәжірибе өту туралы негізгі талаптарды қамтитын ұйымның ішкі құжаттарына, сондай-ақ кәсіптік қызметті және өндірістік практиканы ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өндірістік тәжірибені ұйымдастыруға міндетті;
- 4) студентке жұмыс орнын беруге және осы студенттің қажетті жұмыстарды орындауы үшін қалыпты еңбек жағдайларын жасауға;
- 5) студентке ұйымның және бөлімшенің қызметімен (коммерциялық құпияға жатпайтын және/немесе заңнамамен қорғалатын өзге де ақпаратпен) танысу үшін құжаттар мен ақпарат беруге міндетті;
- 6) тәжірибе барысында студенттің жұмысы туралы қысқаша пікір жазу;
- 7) студентке құрметпен қарау және кәсіби және іскерлік этика нормаларын сақтау;
- 8) тәжірибе аяқталғаннан кейін әрбір студент-практиканттың жұмысына мінездеме және баға беру.

## **9. Тәжірибе кезеңдерінің құрылымы мен мазмұны**

### **9.1 Пассивті (танысу) тәжірибе**

- 1) ұйымның қаржы-шаруашылық қызметімен және құрылымымен танысу;



- 2) студент тікелей тәжірибеден өтетін ұйымның бөлімшесінің кәсіби қызметін зерделеу;
- 3) ұйымның құрылымдық бөлімшелері мен оның қызметкерлерінің өзара іс-қимыл ерекшеліктерін зерделеу;
- 4) ұйым мен бөлімшенің қызметін регламенттейтін ішкі құжаттар мен нормативтік-құқықтық актілерді қарау және талдау.

## **9.2 Активті (белсенді) тәжірибе**

- 1) ұйымнан тәжірибе жетекшісінің басшылығымен ағымдағы жұмыстарды орындау;
- 2) жұмыстың кәсіби дағдыларын меңгеру үшін тапсырмалар мен тапсырыстарды орындау;
- 3) қызметкерлердің кәсіби қызметтерін жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл ерекшеліктерін зерделеу, сондай-ақ топта жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;
- 4) ұйым жұмысының құралдары мен әдістерін зерделеу;
- 5) ұйым мен бөлімше қызметінің ерекшеліктеріне талдау жүргізу.

Өндірістік практика бойынша есеп тәжірибеден өтушінің қорытынды жұмысы болып табылады. Ол жеке тапсырма мен күнтізбелік кестеге сәйкес практика бағдарламасы негізінде жасалады. Онда практикадан өтуші барлық мәселелерді зерделеу кезінде жасалған жұмысты көрсетуі, экономикалық жұмыстың орындалуын растайтын құжаттарды, есептеулерді қоса беруі тиіс.

Есепте студенттердің өндірістік практика процесінде орындалу әдістері мен қол жеткізілген нәтижелері көрсетілген нақты жұмысы көрсетілуі керек.

Есептің мазмұны мыналарды қамтиды:

1. Титул парағы
2. Жолдама
3. Жеке тапсырма және практикадан өту кестесі
4. Өндірістік практика күнделігі
5. Практика есебінің тақырыптық бөлімдері
6. Қорытынды
7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (ақпарат көздері)
8. Қосымшалар

Есепте міндетті түрде мыналар көрсетілуі керек: студент практикадан өткен кәсіпорын туралы ақпарат, салалық бағыт, жетекші және қосалқы салаларды сипаттайды және соңғы үш жылдағы кәсіпорын қызметінің негізгі көрсеткіштерін ұсынады, сондай-ақ кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жасайды;

Есеп студенттің өндірістік практикасының тақырыптық жоспарында көрсетілген ретпен жасалады. Есепте барлық қажетті есептеулер, белгілі бір кезеңдегі (ай, жыл) кәсіпорын туралы сандық мәліметтер болуы керек.

Барлық қоса берілген материалдар папкаға ұқыпты тігілуі тиіс.

Есепті қоса алғанда, есептің жалпы көлемі 30-40 беттен аспауы тиіс. Өндірістік тәжірибенің соңында студент рецензиялау және қорғау үшін есеп береді. Практика туралы есепті кәсіпорынның практика жетекшілері қарайды және қолдармен расталады. Практика туралы есеп, жетекшілердің пікірі, күнделік студентпен практика аяқталғаннан кейін белгіленген мерзімде кафедраға ұсынылады. Кафедрада есепті басшы тексереді. Өндірістік практика бойынша есептерді қорғауды арнайы құрылған комиссия тыңдайды, оған осы бейіннің мамандары да енгізілуі мүмкін.

Есептерді қорғау барысында студенттердің тәжірибені жақсарту бойынша бастамалары, ұсыныстары анықталуы керек. Практика нәтижелері хаттамамен ресімделетін қорытынды конференцияда тыңдалады.

## **10. Практика кезінде орындалатын СӨЖ түрлері**

- 1) ұйымның бәсекелестік және / немесе кәсіби ортасындағы қызметіне талдау жүргізу;
- 2) ұйым мен бөлімнің қызметіне әсер ететін сыртқы макроэкономикалық факторларға талдау жүргізу;
- 3) ұйымның және бөлімшенің тауарларына / жұмыстарына / қызметтеріне қатысты серіктестерді, тапсырыс берушілерді, ұйымның тұтынушыларын және олардың кәсіби қажеттіліктеріне талдау жүргізу;
- 4) ұйымның және бөлімшенің қаржылық-шаруашылық қызметіне талдау жүргізу;
- 5) ұйым мен бөлімнің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жүргізу.

## **11. Аттестаттау формасы және аттестаттауды өткізу уақыты**

Аттестаттауды студенттердің жұмыс орындарындағы практикасына жетекшілік жасап, практиканы ұйымдастыру мен өткізу бойынша кеңестер беретін кафедра тағайындаған профессорлық-оқытушылар құрамы жүзеге асырады. Практика базасына бару кезінде олар тәжірибе күнделігін жүргізудің күнтізбелік жоспарына сәйкестігін тексереді және практикадан өту талаптарына сәйкестігін тексереді.

Практикадан өту кезінде студент:

- 1) «Қаржы және есеп» кафедрасының кәсіби практикадан өтуіне арналған әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес практикадан өту және орындалған жұмыстар туралы есеп құрастыруы қажет;
- 2) практикадан өту туралы күнделікті қағаз түрінде және электронды түрде толтыруы қажет (univer.kaznu.kz жүйесінде);
- 3) тәжірибеден өту кезінде орындалған СӨЖ бойынша аналитикалық есеп дайындауы қажет.

Практиканы аттестаттау қорытынды есеп түрінде тәжірибеден өту қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Аттестацияның күнін, уақытын және аудиториясын кафедра белгілейді.

## **12. Бағалау критерийлері**

Оқу нәтижесінің қалыптасу дәрежесін анықтайтын практика қорытындылары бойынша есеп сапасының шкаласы

	A	B	C	D
<b>ҚҰРЫЛЫМ</b>				
Жұмыс тәжірибе базасы мен орнына сәйкес келеді				Жұмыс тақырыпқа сәйкес емес
Практиканың мақсаттары мен міндеттері толық ашылған				Тақырып толық ашылмаған
СӨЖ тақырыбына сәйкес келеді				Берілген тақырыпқа сәйкес келмейді/ өткізілмеген
<b>ТӘЖІРИБЕ ЖЕТЕКШІСІНІҢ ПІКІРІ</b>				
Студенттің практикадан өту кезіндегі жұмысы туралы жақсы пікір				Студенттің практикадан өту кезіндегі жұмысы туралы жағымсыз – нашар пікір
<b>ДӘЛЕЛ</b>				
Аргументтер логикалық түрде құрылымдалған				Аргументтер жинақы емес, сәйкес келмейді
Фактілер нақты көрсетілген				Күмәнді немесе анық емес фактілер көп
Ұйым мен бөлімшенің қызметіне қатаң сыни талдау жасалған				Негізгі ұғымдарды (тұжырымдарды) аз пайдаланған
<b>ЖАҢАЛЫҚ</b>				
Өте жақсы және шығармашылық				Жақсы емес
<b>СТИЛЬ</b>				
Ұқыпты жазылған				Қатесі көп
Шоғырланған мәтін Концентрированный текст				Қайталау көп
<b>РӘСІМДЕУ</b>				
Нақты және дұрыс құрылымдалған жұмыс				Түсініксіз және қиын оқылатын жұмыс
Талап етілген көлем				Өте ұзақ / өте қысқа жұмыс
<b>САУАТТЫЛЫҚ</b>				
Грамматикалық жағынан дұрыс сөйлемдер				Грамматикалық қателер көп
Емле (орфографиялық) қателері жоқ				Емле (орфографиялық) қателер бар
Дәлелдерді тексеру үшін схемаларды / кестелерді тиімді пайдаланған				Дәлелдерді тексеру үшін схемаларды / кестелерді тиімсіз пайдаланған
<b>МӘЛІМЕТТЕРДӨ ПАЙДАЛАУ КӨЗДЕРІ</b>				

Мәліметтерді пайдалану көздерін жеткілікті түрде пайдаланған				Мәліметтерді пайдалану көздері көрсетілмеген, қолданылмаған, сәйкес келмейді
--	--	--	--	--

Бағалау критерийлері:

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквивалент	Баллдардың проценттік көрсеткіші	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Экономика және бизнес жоғары мектебі  
«Қаржы және есеп» кафедрасы

5B050900 «Қаржы» мамандығының \_\_ курс студенті

---

Өндірістік практикадан өту

**ЕСЕБІ**

*Кафедра атынан өндірістік практика жетекшісі*

---

(аты-жөні, қызметі)

Алматы, 20\_\_ ж.



Мазмұны

**КІРІСПЕ**.....

**I**

1.1

1.2

1.3

**II**

2.1

2.2

2.3

**ҚОРЫТЫНДЫ**.....

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**.....



э.ғ.к.,доцент Сырлыбаева Н.Ш., э.ғ.к.,доцент Алиева Б.М., э.ғ.к.,доцент Жорабаева Ж.К., э.ғ.к.,доцент Сапарова Г.Т., э.ғ.к.,доцент Касенова Г.Е., э.ғ.к.,доцент Асилова А.С., аға оқытушы Супугалиева Г.И., аға оқытушы Мухаметжанова Ж.С., аға оқытушы Кукиев А.Ж.

5B050900-«Қаржы» мамандығы  
студенттеріне арналған  
өндірістік тәжірибеден өту бойынша  
**әдістемелік нұсқаулық**

Компьютерлік беттеу:  
Удербоева Б.У.

Басып шығаруға 12.01.2021 ж.қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16  
Офсеттік баспа. Шартты б.т 1,0. Таралымы 50. Тапсырыс №88  
Бағасы келісім бойынша

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Экономика және бизнес жоғары мектебі  
«Қаржы және есеп» кафедрасы  
Оқу зертханасы